

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ТҮРКІТАНУ ЖӘНЕ ҮНДІТАНУ КАФЕДРАСЫ

---

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

ғылыми жобасы аясында ұйымдастырылған

ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ  
МЕНТАЛИТЕТТІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

атты республикалық ғылыми-практикалық дөңгелек үстелдің

материалдар жинағы

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2013

---

«Түркі фразеологиясы: ұлттық менталитеттің тілдік бейнесі» атты республикалық ғылыми-практикалық дөңгелек үстелдің материалдар жинағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті 2012-2014 жылдарға ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыруда Фундаменталды және қолданбалы зерттеу салалары бағдарламасы бойынша «Түркі әлемінің тілдік бейнесі» тақырыбындағы ғылыми жоба шеңберінде жүзеге асырылды.

**Жауапты редактор:**

Ф.ғ.д., профессор Авакова Р.А.

**Баспаға әзірлегендер:**

Ф.ғ.к, доцент Г. Қортабаева

Ф.ғ.к, доцент С. Бектемирова

«Түркі фразеологиясы: ұлттық менталитеттің тілдік бейнесі» атты республикалық ғылыми-практикалық дөңгелек үстелдің материалдар жинағы – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 239 б.

**ISBN 978-601-247-859-4**

Жинақ тіл білімінің фразеология саласының шеңберіндегі ұлттық болмыс, тарих, әдет-ғұрып, салт-сана, мәдениет, философия т.б. жағдайлармен тығыз байланысты туған тілдің бейнелі, айшықты тіркестердің табиғаты, этномәдени-лингвистикалық қалыптары, олардың ұлттық-психологиялық және таңбалық-символдық ерекшеліктеріне арналады.

Жинақ тіл білімімен айналысып жүрген мамандар, студенттер, магистранттар, PhD докторанттары мен ізденушілерге және жалпы оқырмандарға ұсынылады.

ISBN 978-601-247-859-4

© әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

Ешметова Б.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, шығыстану факультеті, Түркітану және үндітану кафедрасы,  
Ассистент, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, Алматы, Қазақстан  
[zhan\\_bal@mail.ru](mailto:zhan_bal@mail.ru)

## КӨНЕ РУ ТАҢБАЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

**Аңдатпа** Жазу мен қоғам тығыз байланыста болғандықтан, бұрын жазуды пайдаланған қоғамның өмір сүрген жері мен тарихына көз жүгірте отырып, көне ру таңбаларының сыры тереңде екендігін ұғына түсетіндігіміз айқын. Алғашқы әріп жазуының бір тармағы – руникалық көне түркі алфавиті арқылы берілген фразеологизмдердің қолданысындағы тілдік ерекшеліктер.

**Түйін сөздер:** көне ру таңба, ру-тайпа, тұрақты тіркес, фразеологизм,.

Алфавиттік жазудың пайда болу тарихы, шығу тегі өте күрделі, шешілмеген жұмбақтарға толы. Өйткені алфавиттік жазу – дүниежүзі мәдениетінің қол жеткен орасан зор табысы болса, бұл мәдени мұраға біздің ата-бабаларымыз да өзіндік үлес қосып, келер ұрпаққа мирас еткен. Алғашқы әріп жазуының бір тармағы – руникалық көне түркі алфавиті болып табылады.

Арғы замандағы жазудың тегі суреттен басталғанын білеміз. Пиктографиялық жазудың біртіндеп даму барысында идеографиялық жазу пайда болды. Идеографиялық таңба (идеограмма) ие жеке сөзді немесе оның атауыш бөлшегін белгілейді.

Кестелі, кейіннен символдық бейнелерді, ақырында түгел шартты белгілерді қолдану – жазу тәсілін графикалық өнер тәсілінен ажыратудың ең маңызды ерекшелігі болып табылады. Жазудың дамуына байланысты бұл ерекшелік күшейе түседі, жазу таңбалық сипатқа ие болып, бірте-бірте бейнелеу өнерінен алшақтайды (қолдану тәсіліне қарай). Қазіргі (дыбыстық – әріптік жазуды) жазу белгісі – әріп-суреттік сипаты мүлде жойылған дыбыстың немесе фонеманың шартты белгісі болып табылады.

Бастапқы жазу фразеографиялық болған, яғни жеке сөздерге бөлінбеген тұтастай бір хабарды берген. Қолдану аясына қарай фразеограммаларды 2 санатқа бөлеміз: бейнелеу пиктограммалар және шартты белгілер.

**Жеке қолданылған көне шартты белгілер:**

- 1) рулық және тайпалық таңбалар, сонымен қатар тотемдік;
- 2) рулық, тайпалық немесе жеке меншікті көрсететін белгі (таңба), жануарлар салатын таңба;
- 3) шеберлер өздері жасаған бұйымдарына салатын белгі;
- 4) әскер басылардың мөрлері, теңгелер, елтаңба, т.б.;
- 5) сиқыршылық және діни белгілер, зұлымдықтан сақтау (тыйым салу белгісі);
- 6) шартты оқшауланған таңбалар.

Ауыз әдебиетінде сақталып келген өлең-жырларда, археологиялық қазыналарда, ескі кітаптардың мұқабалары, тарауларында және бөліктері аралықтарында кездесетін өрнектер мен суреттер, жұлдызшалар мен айшықтар, батырлардың қару-жарақтарында кездесетін кейбір жеке белгілер, таңбалар, әшекей

## ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

әріптер де халықтық тарихи этнографиялық мұралар. Олардың құрамында әр түрлі ен-таңбалардың, ру таңбаларының элементтері жиі ұшырайды[1, 13-15].

Тіл білімінің фразеология саласын жеке пән ретінде қалыптастыруда, оның зерттеу нысаналарын айқындап, тілдегі орны мен табиғатын айқындауда теориялық тұжырымдар жасап, қомақты еңбектер жазған Мәскеу, Самарқанд, Санкт-Петербург ғылыми мектептері өкілдерінің, түркітанушы тіл мамандарының, сонымен қатар қазақ тіл білімінде іргелі еңбектерімен ғылым көкжиегінен орын алған фразеологиятанушылар: тілдік жүйе, құрылымдық тұрғыдан қарастырған: І. Кеңесбаев, Ә. Қайдаров фразеологизмдердің сыртқы және ішкі құрылымындағы дыбыстық, мағыналық, семантикалық, әуезділік үйлесімін т.б. архитектуронасын талдап ашып беруде С. Сәтенова, фразеологиялық бірліктердің тілдік нормасын және одан уәжді, уәжсіз ауытқулардың түрлері мен типтерін айқындауда Н. Уәлиев т.б. еңбектерін атап айтуға болады.

Фразеологизмдерді құрылымдық тұрғыдан зерттеу кезінде оның құрамындағы сөздердің мағынасын ашу, этимологиялық талдау жасау, варианттарын көрсету, синонимдік қатарын анықтау тәрізді мәселелерді Г. Смағұлова, лексика-фразеологиялық жүйедегі бірліктерді Ж. Манкеева және т.б. ғалымдар зерттеу жұмыстарын ғылыми тұрғыдан қарастыра отырып, ғылымға өзіндік жаңалықтарын ала келді. Қазақ тіл білімінде бұл термин бір ізге түспегендіктен: *тұрақты тіркес, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тіркес, фразеологиялық орам, фразеологиялық тұлға, фраза сияқты атаулармен аталып жүр.*

«Қазақ тіл білімінде фразеологиялық тіркестер мен тұрақты тіркестер деген атаулардың ажыратылмай, бірінің орнына бірі қолданылуы өте шартты, шын мәнінде бұл екеуі бір емес, *тұрақты тіркес* деген ұғымның шеңбері әлдеқайда кең, ал фразеологиялық тіркестер соның бір бөлегі ғана, оған фразеологиядан басқа сөз болып отырған атаулық тіркестер (*көр тышқан, алты бақан, бас бармақ, ат дорба, жарыс сөз, күн тәртібі, темір жол, жер шары, еңбек кітапшасы, Арал теңізі, Алматы қаласы, Киыр Шығыс т.б.*) де енсе керек», – [2, 72] деген С. Исаевтың пікірін келтіруді орынды деп санаймыз. С. Исаевтың айтуы бойынша тұрақты тіркес ұғымы өте кең. Оған атаулық тіркестер, фразеология, мақал-мәтел, қасаң сөз (Н. Уәлиев) және т.б. сөйлеу барысында даяр қалпында қолданылып, тұрақтылық сипат алған тілдік бірліктерді жатқызуға болатынын көреміз.

Зерттеу барысында дереккөз ретінде жинақталған құрылым құрылысы тұрақты әрі тиянақты, сыңарлары біртұтас мағынаны білдіретін, даяр қалпында қолданылатын мағыналық бірліктерді, тұрақты тіркестерді іштей сараласақ, төмендегідей жікке бөліп қарастыруға болады. 1. Атаулық тіркестер (С. Исаев): *Қаратай ауған, бес Бәйтен, үш Бозша*; 2. Фразеологиялық единица (І. Кеңесбаев): *ноқта аға: Шоңайдың шотындай*; 3. Мәтел: *қасқырдың қанын ішкен Қоржынбай, орта жүздің құты*; 4. Мақал: *Байыс айтса - баптап айтады, дау - жанжалды таптап айтады*; 5. Теңеу:

## ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

өріштер де халықтық тарихи этнографиялық мұралар. Олардың құрамында әр түрлі ен-таңбалардың, ру таңбаларының элементтері жиі ұшырайды [1, 13-15].

Тіл білімінің фразеология саласын жеке пән ретінде қалыптастыруда, оның зерттеу нысаналарын айқындап, тілдегі орны мен табиғатын айқындауда теориялық тұжырымдар жасап, қомақты еңбектер жазған Мәскеу, Самарқанд, Санкт-Петербург ғылыми мектептері өкілдерінің, түркітанушы тіл мамандарының, сонымен қатар қазақ тіл білімінде іргелі еңбектерімен ғылым көкжиегінен орын алған фразеологиятанушылар: тілдік жүйе, құрылымдық тұрғыдан қарастырған: І. Кеңесбаев, Ә. Қайдаров фразеологизмдердің сыртқы және ішкі құрылымындағы дыбыстық, мағыналық, семантикалық, әуезділік үйлесімін т.б. архитектурасын талдап ашып беруде С. Сәтенова, фразеологиялық бірліктердің тілдік нормасын және одан уәжді, уәжсіз ауытқулардың түрлері мен типтерін айқындауда Н. Уәлиев т.б. еңбектерін атап айтуға болады.

Фразеологизмдерді құрылымдық тұрғыдан зерттеу кезінде оның құрамындағы сөздердің мағынасын ашу, этимологиялық талдау жасау, варианттарын көрсету, синонимдік қатарын анықтау тәрізді мәселелерді Г. Смағұлова, лексика-фразеологиялық жүйедегі бірліктерді Ж. Манкеева және т.б. ғалымдар зерттеу жұмыстарын ғылыми тұрғыдан қарастыра отырып, ғылымға өзіндік жаңалықтарын ала келді. Қазақ тіл білімінде бұл термин бір ізге түспегендіктен: *тұрақты тіркес*, *фразеологиялық бірлік*, *фразеологиялық тіркес*, *фразеологиялық орам*, *фразеологиялық тұлға*, *фраза сияқты атаулармен аталып жүр.*

«Қазақ тіл білімінде фразеологиялық тіркестер мен тұрақты тіркестер деген атаулардың ажыратылмай, бірінің орнына бірі қолданылуы өте шартты, шын мәнінде бұл екеуі бір емес, *тұрақты тіркес* деген ұғымның шеңбері әлдеқайда кең, ал фразеологиялық тіркестер соның бір бөлегі ғана, оған фразеологиядан басқа сөз болып отырған атаулық тіркестер (*көр тышқан, алты бақан, бас бармақ, ат дорба, жарыс сөз, күн тәртібі, темір жол, жер шары, еңбек кітапшасы, Арал теңізі, Алматы қаласы, Киыр Шығыс т.б.*) де енсе керек», – [2, 72] деген С. Исаевтың пікірін келтіруді орынды деп санаймыз. С. Исаевтың айтуы бойынша тұрақты тіркес ұғымы өте кең. Оған атаулық тіркестер, фразеология, мақал-мәтел, қасаң сөз (Н. Уәлиев) және т.б. сөйлеу барысында даяр қалпында қолданылып, тұрақтылық сипат алған тілдік бірліктерді жатқызуға болатынын көреміз.

Зерттеу барысында дереккөз ретінде жинақталған құрылым құрылысы тұрақты әрі тиянақты, сыңарлары біртұтас мағынаны білдіретін, даяр қалпында қолданылатын мағыналық бірліктерді, тұрақты тіркестерді іштей сараласақ, төмендегідей жікке бөліп қарастыруға болады. 1. Атаулық тіркестер (С. Исаев): *Қаратай ауған, бес Бәйтен, үш Бозша*; 2. Фразеологиялық единица (І. Кеңесбаев): *ноқта аға: Шоңайдың шотындай*; 3. Мәтел: *қасқырдың қанын ішкен Қоржынбай, орта жүздің құты*; 4. Мақал: *Байыс айтса - бантап айтады, дау - жанжалды таптап айтады*; 5. Теңеу: *өзіңнің бағың Қыдырдай болса, Құнанбайдың бағы Шыңғыстай болады*; 6. Метафора: *арғын деген арысын, азуым алты қарысын т.б.* 7. Бата, тілек: *Қойсоймастың ойын берсін,*

шкелдінің қойын берсін! 8. Ақпараттық мән жинаған тұрақты тіркестер: *тау қыржы, жшетау қамбары, бес бәйтен* және т.б.

Қазақтың ру тайпалары мен ен-таңбаларын идеограмма (идеографикалық жазу ұқсасы) деп түсінсек, мұндағы заттық бейне мен ұғымның таңба мен оның алуында байланыс бар екендігін аңғару қиын емес. Өйткені бейнелік идеограммалардың тегінде заттық кескіннің өрнектелетіні белгілі. Демек, арғынның «өз таңбасы», қоңыраттың «босаға таңбасы» сияқты-айғақтық белгілер мен ертедегі ру таңбаларының қорын жасайтын мезгіл жетті. Өйткені, оларды жинап, зерттеудің маңызы сол: ен-таңбалар мен белгілердің тиісті заманда атқарған қызметін айқындап, әлеуметтік орнын белгілеудің халқымыздың этногенезін шешуде ерекше орны бар [3, 4].

Ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерді этнолингвистика тұрғысынан зерттеу дегеніміз – қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың негізін қалаған адамдардың сүбелі ғылыми еңбектерінің нәтижесінде өз бағыт-бағдарын таңдаған жолы бойынша, олардың материалдық мазмұнын, тілдік табиғатын, пайдалануында болуын, қолдануын халықтың өзіндік дүниетанымы, салт-дәстүрі, рухани мәдени өмірі, әдет-ғұрпы негізінде сипаттау деген сөз [4, 45].

С. Исаевтың: «қазақ тіл білімінде фразеологиялық тіркестер мен тұрақты тіркестер деген атаулардың ажыратылмай, бірінің орнына бірі қолданылуы өте артық, шын мәнінде бұл екеуі бір емес, тұрақты тіркес деген ұғымның шеңбері кеңірек, ал фразеологиялық тіркестер соның бір бөлегі ғана» [31, 73], – деп түсіндіргеніндей, тұрақты тіркес сөзі жиі қолданыстағы терминдердің бірі.

Қазақстан жерінде тасқа түсірген мыңдаған көне ен-таңбалар, түрлі ою-өрнектер (қошқар мүйіз, түйетабан) т.б. кездеседі. Ен мен таңбаның сурет үлгісінің арқасында, олардың атауларының да, осы атаулар қатысып жасалған тұрақты тіркестердің де тарихы үшін, халық тарихы үшін берер дерегі өте мол. «Таңбасыз тай, енсіз қой» деп сөз тіркесінде ен мен таңба салуға дейінгі дәуір «мал-мүлік ру тайпаның ортақ еншісі болған дәуір» деген ұғым бар. Ол дәуірді суреттегенде қазақтар «Алаш алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, енсіз қой болғанда» деп бастайтын [2, 73].

Қазіргі ғылымға белгілі таңбалар болмысына қарасақ, алғаш ірі тайпалардың таңбасы белгіленіп, кейін тайпа құрамындағы жекелеген ру өз тайпасының таңбасы негізінде өздеріне жеке рулық таңбаларды жасап алғанын көреміз. Ғалымдардың (Н.А. Аристов, В.В. Бартольд, А.И. Левшин, М. Тынышпаев, С. Аманжолов) ұжырымдауынша негізгі ұйытқы тайпаның өзіндік белгілі бір таңбасы болады. Ал ол тайпадан кейін бөлініп шыққан, не сырттан келіп қосылып, кірігіп кеткен рулар алғашқы тайпадағы ортақ таңбаға қосымша бір белгі салу арқылы өзінің жаңа таңбасын жасайды [5, 299].

Н. Аристов таңбалардың ұқсастығына қарап, ертедегі ру тайпалардың туыстық жақындығын айыруға болады дейді [6, 283]. Оның айтқан пікірін қолдай отырып, С. Аманжолов қазақтың ру тайпаларының таңба белгілерін салыстырып тиісінше топтастырып орытынды жасайды, қазақтың ең негізгі және маңызды рулары мен тайпаларын топтастырады. Қаңлы ( таңбасы «І», көсеу таңбасы»), дулат ( таңбасы «О», «дөңгелек

## ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

тостаған»), жалайыр (таңбасы «Ш», «тарақ»), арғын (таңбасы «ОО», «көз таңбасы»), қоңырат (таңбасы «П», «босаға»), қыпшақ (таңбасы «П», «қос әліп»), найман (таңбасы «V»), шанышқылы (таңбасы «↓↑», «қолтаңба»), жаппас (таңбасы «Z», «түйемойын») т.б.

**Қыпшақ** – негізгі тайпа, салыстырып қарасақ, алшын мен найман таңбалары ұқсас, себебі таңбалардың орналасуы ешқандай мәнге ие емес, оның төңкеріліп те, жантайып та, қисайып та түсе беретіні белгілі. Бірақ, бұл әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Махмұт Қашқаридағы: ҚЫV- ҚЫБ (ҚЫП) – бақ, дәулет ҚАРШАҚ-ҚАПШАҚ– су тармақтарының бір-біріне құйылып, тоғысатын жері [8, 532 ], – деген түсінік ұлан-ғайыр жерді мекендеген, үздіксіз басқа тайпалармен толығып, толысып отырған, бақ-талайы, дәулеті асқан қыпшақ тайпасының болмысын ашатын сияқты. Түркі тілдерінде а-ы сәйкестіктері кездесетіндіктен *қапшақ~қыпшақ* болып айтылуы да мүмкін. Бақ-дәулет ұғымындағы **қып** сөзі түбір тұлға болса –**шақ** қосымшасының да өзіндік берер мағынасы бар. Қыпшақ этнонимінің екінші сыңарын, -шақ компонентін В.Банг кішірейту жұрнағы десе, А.Щербак есім жұрнағы [9, 72], – дейді.

Бұл жерде – шақ қос функциялы. Оның біріншісі – сөз жасаушылық – есім тудырушы, екіншісі – форма жасаушылық – сөзді тұлғаландыруы. Қыпшақ сөзінің құрамындағы –шақ қосымшасы сөз тудырушы, яғни жан-жақтан тарамдалып келіп, құйылып жатқан арналы бақты, дәулетті деген мағынаға саяды. Тілде жалпы есімнен жалқы есімге, немесе, керісінше ауысуы тілде бар құбылыс. Антропонимдер мен топонимдердің жалпы есім сөздерден жасалатыны ғылымда басы ашық белгілі мәселе. Жалқы есімдердің жалпы есімдерден өзгешелігі – табиғаты жағынан жалпы есімнен жасалғандықтан екінші орында болуында.

Өйткені жалқы есімдердің қай-қайсысы болмасын шығу, қойылу тегі жағынан тілдегі жалпы есім сөздерден жасалған. Тіл-тілдегі онимдердің барлығы да сөздік қорымыздағы жалпы есім сөздерден жасалады. Сондықтан да олар тілдің ішкі заңдылығына бағынып, басқа сөздер сияқты тілдік нормаға сай келеді [4, 50 ]. Сонымен, *қыпшақ* атау сөзі жалпы есімнен жалқы есімге ауысқан деп ойлаймыз. Бұл атаудың түске қатысты танымдық мәні де болуы мүмкін. Осы орайда «*Қобыланды*» атауының этимологиясын «құба ұлан» деп негіздеген профессор Е.Жұбановтың да пікірі бар екенін айта кету орынды.

Ж.А.Манкеева:«атауыштық қызметте уәж ұғымы негізгі роль атқаратындығын атап көрсетіп, алғашқы атаулардың туындылығы көбіне этимологиялық және тарихи талдау арқылы анықталатынын, ал екінші дәрежелі атаулардың негізінде адам ойлауының ассоциативті сипаты жататындығын, яғни екінші дәрежелі атаулар көбіне бұрыннан бар, етене таныс нәрселерге ұқсатумен байланысты туындайтынына тоқталады» [10, 259]. Сонда қыпшақ атауының бүгінгі аталуы екінші дәрежелі атау сөз және оның антропоним, этногидроним, этнотопоним ретіндегі жалқы есімдік атауы да негізгі мағынасынан алыстап кете қоймаған.

**Алшын** – негізгі тайпа. Алшынға таздар мен жаппас рулар кіреді. Таңбалары Z (зет) әршіне ұқсас болғанымен, үшінші бір сызық қосу арқылы негізгі алшын (А)

таңбасында жатыр. Алшын құрамында әлімнің таңбасы екі алшын таңбасының қосылуынан М әрпіне ұқсас [5, 14-15].

Ә. Марғұланның көрсетуі бойынша орта ғасырдағы үйсін тайпасының таңбасы «үш әліп» түрінде кездеседі, ал «Қазақтың көне тарихы» деген кітаптағы деректе қазіргі қазақ ішіндегі үйсіндер тайпасының таңбасы «ту» және «ағын су» формасында делінген [11, 62].

**Сіргелі тайпасының таңбасы:**

Біріншісі «қурай» – далада өсетін өсімдік атауы.

Екіншісі – керейдің таңбасына ұқсас.

Үшіншісі – бұрынғы ноғайлы тайпасының руы үш таңбалының таңбасына ұқсас [11, 91б.].

Керей – негізгі тайпа. Таңбасы + (ашамай). Бұл таңба басқа рулардікіне ұқсамайды.

Табын таңбалары әр түрлі. Ортақ таңбасы – «О» (тостаған), «І» (әліп).

Дулат таңбасына О «дөңгелек», таңбаның варианттары:

«О» (шөміш) – шөмішті табын таңбасы,

«Ш» (тарақ) тарақты табын таңбасы, жалайыр руының таңбасына ұқсас.

«І» (әліп) қаңлы таңбасымен бірдей. Бұрын табындықтар Дулаттардан бөлінгендіктен кіші жүзде негізгі болып есептеледі де, ал басқа руларды одан таратады. Таңбаларының ұқсастығын басқаша түсіндіруге келмейтін сияқты.

Сыйқым руының таңбасы «♀II» (Гродеков, Аманжолов, Тынышпаев деректері). Біріншісі дулаттың «О» «дөңгелек таңбасы» негізінде десек, екіншісі «көсеу» қаңлы мен ысты таңбасына ұқсас. Үшіншісі «тік бұрышты таңба» басқа еш жүзде жоқ [11; 98-102].

Тұрақты тіркестерге ұйытқы сөз, тірек сөз ретінде де жиі қолданылатын 3, 7, 9 сол сияқты 4, 5, 8 т.б. сандарының сандық мағынасына қарағанда басқа сапада қолданылуы сан есім қатысқан тұрақты тіркестерді бірнеше аспектіде қарастырып, олардың сан қырлы тілдік сипатын халық мәдениетімен біртұтас бірлік ретінде қарастыруға болатынын көрсетеді. «Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизм ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес, мысалы, *жеті атасын білмеген жетесіз, қырық ру, тоқсан екі баулы қыпшақ* дегендерде нақты саннан гөрі әйтеуір көп деген ұғым бар» [12, 612].

С. Аманжоловтың айтуы бойынша: көптеген тайпалар мен рулар үш ордада да кездеседі. Көптеген тайпалар мен руларды үш жүзге де бірдей жатқызуға болады. Осы мәліметтерге сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: жүзге (ордаға) бөлу тайпалардың туыстық белгілеріне қарап емес, оларды аймақ бойынша орналасуына байланысты бөлу, яғни жеке ру мен тайпалардың экономикалық мүддесі жағынан бірігуіне байланысты [1, 35-36].

Тайпалардың табиғи өсуіне байланысты олардың жайлауы мен көшіп-қонатын жерін кеңейту болды. Күшті тайпалар әлсіз тайпаларға мезгіл-мезгіл шапқыншылық жасауы оларды тайпалық одаққа бірігуге мәжбүр етті. Алғашқы



таңбасында жатыр. Алшын құрамында әлімнің таңбасы екі алшын таңбасының қосылуынан М әрпіне ұқсас [5, 14-15].

Ә. Марғұланның көрсетуі бойынша орта ғасырдағы үйсін тайпасының таңбасы «үш әліп» түрінде кездеседі, ал «Қазақтың көне тарихы» деген кітаптағы деректе қазіргі қазақ ішіндегі үйсіндер тайпасының таңбасы «ту» және «ағын су» формасында делінген [11, 62].

**Сіргелі тайпасының таңбасы:**

Біріншісі «қурай» – далада өсетін өсімдік атауы.

Екіншісі – керейдің таңбасына ұқсас.

Үшіншісі – бұрынғы ноғайлы тайпасының руы үш таңбалының таңбасына ұқсас [11, 91б.].

Керей – негізгі тайпа. Таңбасы + (ашамай). Бұл таңба басқа рулардікіне ұқсамайды.

Табын таңбалары әр түрлі. Ортақ таңбасы – «О» (тостаған), «І» (әліп).

Дулат таңбасына О «дөңгелек», таңбаның варианттары:

«О» (шөміш) – шөмішті табын таңбасы,

«Ш» (тарақ) тарақты табын таңбасы, жалайыр руының таңбасына ұқсас.

«І» (әліп) қаңлы таңбасымен бірдей. Бұрын табындықтар Дулаттардан бөлінгендіктен кіші жүзде негізгі болып есептеледі де, ал басқа руларды одан таратады. Таңбаларының ұқсастығын басқаша түсіндіруге келмейтін сияқты.

Сыйқым руының таңбасы «♀II» (Гродеков, Аманжолов, Тынышпаев деректері). Біріншісі дулаттың «О» «дөңгелек таңбасы» негізінде десек, екіншісі «көсеу» қаңлы мен ысты таңбасына ұқсас. Үшіншісі «тік бұрышты таңба» басқа еш жүзде жоқ [11; 98-102].

Тұрақты тіркестерге ұйытқы сөз, тірек сөз ретінде де жиі қолданылатын 3, 7, 9 сол сияқты 4, 5, 8 т.б. сандарының сандық мағынасына қарағанда басқа сапада қолданылуы сан есім қатысқан тұрақты тіркестерді бірнеше аспектіде қарастырып, олардың сан қырлы тілдік сипатын халық мәдениетімен біртұтас бірлік ретінде қарастыруға болатынын көрсетеді. «Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизм ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес, мысалы, *жеті атасын білмеген жетесіз, қырық ру, тоқсан екі баулы қыпшақ* дегендерде нақты саннан гөрі әйтеуір көп деген ұғым бар» [12, 612].

С. Аманжоловтың айтуы бойынша: көптеген тайпалар мен рулар үш ордада да кездеседі. Көптеген тайпалар мен руларды үш жүзге де бірдей жатқызуға болады. Осы мәліметтерге сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: жүзге (ордаға) бөлу тайпалардың туыстық белгілеріне қарап емес, оларды аймақ бойынша орналасуына байланысты бөлу, яғни жеке ру мен тайпалардың экономикалық мүддесі жағынан бірігуіне байланысты [1, 35-36].

Тайпалардың табиғи өсуіне байланысты олардың жайлауы мен көшіп-қонатын жерін кеңейту болды. Күшті тайпалар әлсіз тайпаларға мезгіл-мезгіл шапқыншылық жасауы оларды тайпалық одаққа бірігуге мәжбүр етті. Алғашқы

## ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

қоғамдық топтар біресе бөлініп (дифференция), біресе бірігіп (интеграция) отыруының нәтижесінде бір-бірімен біртіндеп қосылып, сан жағынан кеміп отырды, оның есесіне тайпа одағы іріленіп, саны ұлғая түсті.

Ру, тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестер құрамының сандық қатысына байланысты қалыптасқан тілдік бірліктердегі сандар, көбінесе, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 12, 40 т.б. цифрлар болып келеді. Атап айтқанда, *алты Ақша, үш Бозша, бес Байыс, он екі Абақ Керей* т.б. Қарастырылып отырған тұрақты тіркестерді құрамындағы сан есімдердің қолданыс аясын, мәнін, мағынасын саралай отырып, құрамында тақ (*тоғыз таңбалы найман; бес момын, жеті момын*), жұп (*сегіз Жаркен, алты Құланбай, төрт Төлегетай, Әдеттің алты қасқыры, ақсақтың алтауы, алты ата Оразкелді*) және сандық (*Әуелдің көп батыры; Тобай ұлы орыстан да көп; Қарғыба, Базар – қалың Назар*) ұғымды білдіретін сөздер бар ру, тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестер деп қарастыруға болады. Сандық ұғымды білдіретін сөздердің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер бірінші, екінші топтағы тұрақты тіркестерге қарағанда ұтымсыз. Сан есімдер сандық ұғымды білдіретін сөздердің қатысуымен жасалынған тұрақты тіркестердің тілімізде қалыптасуына, тұрақтануына негіз болған.

Ру-тайпа атауларына, оның табына, танымал адамдар есіміне қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестер «...халықтың атам заманғы өмір-тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын «алтын арқау»; олар – рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың, адамдар санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталуының бірден-бір кепілі. Бұл қазына-байлықтан айырылған этникалық қауым – өзінің өткен өмірінен айырылды деген сөз, ондай қауымның болашағы да жоқ» [13, 7], – деп академик Ә.Қайдар көрсетсе, «мақал-мәтелдер – ресми тарих пен өткен уақыттың табын бойында сақтаған рухани шежіре» екенін жылдар елегінен бүгінгі күнге келіп жеткен тұрақты тіркестердің бойында өз заманының табы сақталатынын да тұжырымдай білген.

Атап айтқанда: *қазақта Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Төледен асқан би жоқ; жеті Қабанбай бір Назым және жеті Қабанбай, сегіз Әлі; жүрегі жаудан қайтпаған, алып күшті батырдың есімі жауға шапқан ерлердің ұранына айналып, хан ұраны – Қабанбай* деген тұрақты тіркеске айналған.

Тайпалар мен руларды атап шығу, олардың таңба белгілерін салыстыру арқылы ежелде өз алдына жеке өмір сүрген этнонимдердің қайсысынан қазақ халқы тарағандығын анықтауға болады.

Белгілі ғалым Н. Уәлиев былай деген: «Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз орамдарының (мақал, мәтел, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Көнелікті ең көп сақтаған «жаны сірі» сөздердің небір шоғырлары алдымен мақал-мәтел, фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған деуге болады» [14, 115], – деуі тұрақты тіркес құрамында бүгінгі күнде тарих қойнауына озған сөздердің кездесуінен де көруге болады.

Атап айтқанда, *көн илеген көнші*, көнші деген бір рулы ел, көн илеудің асқан шебері болғандықтан *көн илеген көнші* деп аталса, *тері жинаған көнші* – ат әбзелдеріне қолдану үшін мал терілерін жинап, оны илеп, шаруаға қажетті бұйым жасай білгендіктен, осы кәсібіне қатысты бір рулы ел «тері жинаған көнші» атанып кетсе керек.

Ұлттың өмір сүруінің кепілі және өмірлік мұраты – ұлттық төлтумалықты сақтауға саяды.

Қазақ ру-тайпа, ұлыстарына тән тектік қасиетті белгісі – рулық таңбасы, сол арқылы оның этникалық орны мен қызметі айқындалады. Таңбасыз, ұрансыз қазақты елестету мүмкін болмаса, біздің ру таңбаларымыз графика тілінде сақталған баға жетпес құнды ақпарат. Кодталған ақпараттың тілін тауып, сөйлету болашақ ізденістердің басы. Қазақтың ру таңбалары мен ен-таңбаларын идеограмма (идеографиялық жазу нұсқасы) деп түсінсек – мұндағы заттық бейне мен ұғымның таңба мен оның аталуында байланыс бар екендігін аңғару қиын емес.

Демек, арғынның «көз таңбасы – ОО», қоңыраттың «босаға таңбасы – », керей тайпасының таңбалары: жалпы таңбасы – , ашамайлы руының таңбасы – , абақ руының таңбасы – , уақтың таңбалары , , қыпшақтың «қос әліп таңбасы» – , наймандардың жалпы таңбасы, бағаналы руының таңбалары, балталы руының таңбалары, қаракерей руының таңбасы, матай руының таңбасы, ергенекті руының таңбалары, садыр руының таңбасы, теріс таңбалы руының таңбалары және т.б. Таңбалардың қазақ халқының зерделі өмірінде атқарар қызметі бар, ру-тайпа аралық қатынасын да білдіретін бойында кілттенген маңызды мағына бар деректер – ру-тайпа таңбаларына қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестер: *бес таңбалы қыпшақ; тоғыз таңбалы найман, босаға таңба, әліп таңба, ашамай таңба, көз таңба, балта таңба, бақан таңба, ергенек таңба, қайырмалы жебе (қаракерей таңбасы), бөрі таңба (садыр мен матайға ортақ таңба), теріс таңба т.б.*

Ашамай таңбаны көбі крест таңба, ол бір кезде керейлердің «несториан» дініне бағынғандығының бір белгісі делінеді, бірақ бұл тұжырым негізсіз екеніне профессор С. Аманжоловтың мына пікірі дәлел: «Поскольку данная тамга кереев не сходна ни с одной тамгой казахских родов и племен, можно считать кереев самостоятельным племенем. У кереев, по другим вариантам, основная тамга – крест + ; полагают: это признак того, что они исповедывали христианскую религию. Тогда спрашивается, почему этого нет у найманов, которые в одно и то же время были христианами.

По-моему, крест-тамга у кереев не основная, а дополнительная. Но этот же крест имеется у телеу, сргелы, ботбай, куралас, самбет, сары-уйсун (Большая орда) и у торткаринцев (Малая орда), о христианстве которых нет сведений» [6, 20]. Ру-тайпалардың айырымдық белгілері таңбаның астарлы мағыналарын жалпы адамзатқа ортақ дүниетанымдық түсініктердің заңдылықтары арқылы салыстыра, байланыстыра қарау арқылы кодын ашу алдағы уақыттардың үрдісі. Реестр сөзретінде қарастырғанда, тек идеограмманы сипаттап тұрған тәріздес (мысалы, босағасияқты, балтасияқты, ашамайсияқты таңба), алайда есім тіркестерден құралған

## ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

халық жадында моделін, тұрақтылық қасиетін сақтаған, тілдік таңбаларды біз тұрақты тіркес қатарында танимыз.

Ру-тайпа атауларынан, танымал, белгілі адамдар есімінен қалыптасқан тұрақты тіркестерді жинастырудың бірден-бір көзі – жергілікті жер материалдары, соның ішінде әр рудың, оның тармағының тарихын зерделейтін – шежірелік дерек көздер. Бірақ шежірелік деректер тарихтың дәл өзі емес, тарихты генеологиялық, этникалық, тілдік деректермен толассыз толықтырып отыратын оның қайнар бұлақтарының бірі болып саналады. Исі қазақ «қандас туыспыз, бір сүйекпіз» деп бірін-бірі жақын тартатыны – халқымыздың бауырмалдық, бірлік, берекесінің ырысты сипаты. Сол арқылы әркім өзінің тегін біліп, ұлтын, халқын, Отанын танып, сүйетін, танитын болған.

Себебі шежірелік дерек – әрбір атаның, рудың мінез-құлық ерекшелігін, түр-әлпетіндегі, пішін-кейпіндегі, тұлға-тұрпатындағы өзгешеліктерін, тұқым қуалайтын абзал қасиеттерін, тегін танытатын бір бұлақ. «Тек», «тегі», «текті атаның баласы» – бойына ақпараттық мән жинаған сөздер. «Тек» сөзі – белгілі бір рудың, табының немесе әулеттің ондаған, жүздеген, ғасырлар бойғы өмір тарихы, ізгі, асыл қасиеттерге бай, кісілікті, адамгершілікті өмірінің мәні еткен басқаларға үлгі боларлықтай бойына құт қонған асыл адамдар ұрпағы дегенді білдіретін текті сөз.

Демек, Н.А.Аристов, В.В.Бартольд, А.И.Левшин, Гродеков, М.Тынышшаев, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан, т.б. ғалымдарымыздың еңбектері негізінде қазақ ру-тайпаларын бүкіл түркі тілдес халықтар таңбасымен салыстыра зерттеу қажет.

### Әдебиеттер:

1. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., «Санат», 1996.
2. Исаев С. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің бір типі жөнінде//Қазақстан мектебі, 1965. – №9.
3. Садуақасқылы Ә. Тарихыңды танып біл. – Алматы: Шартарап, 1996. – 295
4. Салғарин Қ. Қазақтың қилы тарихы. А., 1992.
5. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 1959.
6. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина», вып. 3-4, сп. 5, 1896 г.
7. Марғұлан Ә. Тамғалы тас жазуы. «Жұлдыз», 1984, 1-қаңтар.
8. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. 1т. – 590 бет.
9. Щербак А. М. Огуз-наме, Мухаббат-наме. Москва: Восточная литература, 1959. – 181 стр.
10. Манкеева Ж.А. Медени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: 1997.
11. Марғұлан Ә. Найман, керей, оңгіттердің жазулары. «Ақиқат», 1993, № 7, 70-76 б.
12. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 бет.
- Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 бет.
13. Уәлиев Н.М. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: РБК. 1999. – 120 бет.

Ешметова Б. Көне ру таңбаларында кездесетін фразеологизмдер. Мақалада көне ру таңбаларының идеография мен жазбалардағы орны қарастырылады.

Түйін сөздер: көне ру таңба, ру-тайпа, тұрақты тіркес, фразеологизм.

Yeshmetova B. The ancient patrimonial signs in idiom. In this article the role of ancient patrimonial signs in ideography and writing is considered.

Key words: ancient triballettering, tribes-sort, phrase, phraseological unit.

## ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

халық жадында моделін, тұрақтылық қасиетін сақтаған, тілдік таңбаларды біз тұрақты тіркес қатарында танимыз.

Ру-тайпа атауларынан, танымал, белгілі адамдар есімінен қалыптасқан тұрақты тіркестерді жинастырудың бірден-бір көзі – жергілікті жер материалдары, соның ішінде әр рудың, оның тармағының тарихын зерделейтін – шежірелік дерек көздер. Бірақ шежірелік деректер тарихтың дәл өзі емес, тарихты генеологиялық, этникалық, тілдік деректермен толассыз толықтырып отыратын оның қайнар бұлақтарының бірі болып саналады. Исі қазақ «қаңдас туыспыз, бір сүйекпіз» деп бірін-бірі жақын тартатыны – халқымыздың бауырмалдық, бірлік, берекесінің ырысты сипаты. Сол арқылы әркім өзінің тегін біліп, ұлтын, халқын, Отанын танып, сүйетін, танитын болған.

Себебі шежірелік дерек – әрбір атаның, рудың мінез-құлық ерекшелігін, түр-әлпетіндегі, пішін-кейпіндегі, тұлға-тұрпатындағы өзгешеліктерін, тұқым қуалайтын абзал қасиеттерін, тегін танытатын бір бұлақ. «Тек», «тегі», «текті атаның баласы» – бойына ақпараттық мән жинаған сөздер. «Тек» сөзі – белгілі бір рудың, табының немесе әулеттің ондаған, жүздеген, ғасырлар бойғы өмір тарихы, ізгі, асыл қасиеттерге бай, кісілікті, адамгершілікті өмірінің мәні еткен басқаларға үлгі боларлықтай бойына құт қонған асыл адамдар ұрпағы дегенді білдіретін текті сөз.

Демек, Н.А.Аристов, В.В.Бартольд, А.И.Левшин, Гродеков, М.Тынышпаев, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан, т.б. ғалымдарымыздың еңбектері негізінде қазақ ру-тайпаларын бүкіл түркі тілдес халықтар таңбасымен салыстыра зерттеу қажет.

### Әдебиеттер:

1. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., «Санат», 1996.
2. Исаев С. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің бір типі жөнінде//Қазақстан мектебі, 1965. – №9.
3. Садуақасқылы Ә. Тарихыңды танып біл. – Алматы: Шартарап, 1996. – 295
4. Салғарин Қ. Қазақтың қилы тарихы. А., 1992.
5. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 1959.
6. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина», вып. 3-4, сп. 5, 1896 г.
7. Марғұлан Ә. Тамғалы тас жазуы. «Жұлдыз», 1984, 1-қаңтар.
8. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. 1т. – 590 бет.
9. Щербак А. М. Огуз-наме, Мухаббат-наме. Москва: Восточная литература, 1959. – 181 стр.
10. Манкеева Ж.А. Медени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: 1997.
11. Марғұлан Ә. Найман, керей, оңгіттердің жазулары. «Ақиқат», 1993, № 7, 70-76 б.
12. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 бет.
- Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 бет.
13. Уәлиев Н.М. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: РБК. 1999. – 120 бет.

Ешметова Б. Көне ру таңбаларында кездесетін фразеологизмдер. Мақалада көне ру таңбаларының идеография мен жазбалардағы орны қарастырылады.

Түйін сөздер: көне ру таңба, ру-тайпа, тұрақты тіркес, фразеологизм.

Yeshmetova B. The ancient patrimonial signs in idiom. In this article the role of ancient patrimonial signs in ideography and writing is considered.

Key words: ancient tribal lettering, tribes-sort, phrase, phraseological unit.

<i>Джелдыбаева Раушан</i>	83
Сандардың қытай фразеологизмдеріндегі көрінісі	
<i>Сергазы Лилия</i>	88
М.Әуезовтің «хан кене» трагедиясындағы фразеологизмдер	
<i>Қалыбаева Қаламқас</i>	93
Түркі фразеологизмдеріндегі мәдениеттің іздері	
<i>Исламова Анаргул</i>	97
Фразеология және ұлттық таным	
<i>Таменова Назгүл</i>	103
Маңғыстау би-шешендері қолданған бейнелі оралымдар	
<i>Қортабаева Гүлжамал</i>	108
Сатира мен юмор: тұрақты тіркес типтес немесе фразеологияланған аттар	
<i>Кемелова Жанар, Даркулова Куляш</i>	114
Национальная специфика пословиц с гендерным компонентом «женщина» в русском, казахском и английском языках	
<i>Шалбаева Айсұлу</i>	118
Жақсылық/жамандық концептілерінің фразеологизмдердегі көрінісі	
<i>Рысбаев Әміржан</i>	123
Түркі тілдерінде фразеологиялық мағынаның қалыптасуындағы лексикалық бірліктердің рөлі	
<i>Ешметова Балжан</i>	130
Көне ру таңбаларында кездесетін фразеологизмдер	
<i>Есімбекова Назира</i>	138
Гендерлік сипатқа ие фразеологизмдердің тілдік көрінісі	
<i>Салқараев Жақсылық</i>	144
Тұрақты сөз тіркестерінде кездесетін өсімдік атаулары	

**АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯНЫҢ ОРНЫ**

<i>Бокулева Бота, Авакова Раушан, Какарманова Р.Ғ.</i>	148
Қазақ және хинди тілдеріндегі фразеологизмдерді зерттеудің психологиялық аспектісі	
<i>Байтенова Н.Ж.</i>	153
Проблемы формирования духовного пространства казахов	
<i>Искакова Зауре, Шадаева Батима</i>	159
Қазақ және хинди тілдеріндегі фразеологизмдердің мағыналық жағынан жүйеленуі	
<i>Сұлтангубиева Айгуль</i>	163
Аударматану және фразеологиялық теңеудің аудармадағы ерекшеліктері	
<i>Бақытжан Зиядаұлы</i>	167
Қытай тіліндегі мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аудару тәсілдері	